



Аймақтандыру және компартиментализация

Аймақтандыру және компартиментализация

- Орындаған: Жарқынбекова М.И
- 406 - топ



- **Жоспар:**

- 1. Аймақтандыру мен компартиментализация түсінігі және қолданылуы.
- 2. Компартимен немесе аймақтарды (буферлік және карантиндік аймақ) анықтау принциптері.
- 3. Компартимент тексеру және бақылау.
- 4. Диагностикалық шараларға дайындау

- **Аймақтандыру және компартиментализациялау** - мемлекет территориясында субпопуляция құру мақсатында жүретін процедура (рәсім), ол ерекше зоосанитариялық жағдаймен сипатталады - профилактикалық және халықаралық сауда мақсатында жүргізіледі. Аймақтандыру географиялық критерияларды есепке ала отырып субпопуляцияға қатысты қолданса, компартиментализация негізінен өндірістік практикамен биологиялық қауіпсіздікті есепке ала отырып субпопуляция қолданады.
- Аймақтандырудың бірегей практикалық нысаны болып изоляцияланған аймақ құру болып табылады. жергілікті жерде ошақ пайда болған жағдайда, бұрын қолайлы аймақ болса, басқа мемлекет территориясында ауру ошағын таратпау және аймақ ошағын тарату үшін бірыңғай изоляциялық аймақ құруға мүмкіндік береді. Жануарлар және жануартекті өнімдерді сатудан бұрын импорттаушы мемлекет өзінің зоосанитарлық жағдайын жақсы қорғалғанына кепілдік беруі тиіс. Экспорттаушы мемлекет өзінің шекарасы мен территориясында импорттау санитарлық шаралар тиімділігімен бағаланады.
- Аймақтандырумен компартиментализациялау халықаралық сауда қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, шекарадағы аурудың профилактикасы мен жою шараларын жүргізеді. Ауру ошағы шыққан жағдайда субпопуляция арасында эпидемиологиялық байланысын анықтауда көмек көрсетеді. Аймақтандыру мемлекеттің бөліктерінің ресурсты қолдану тиімділігін арттырады, компартиментализация белгілі бір субпопуляцияны функционалды түрде оқшаулауды басқа үй жануарларымен жабайы жануарлардан биологиялық қауіпсіздік негізінде оқшаулайды.
- Компартиментализация ветеринарлық қызметтегі жаңа құбылыс емес, ұзақ уақыт бойы ол аурудан таза, сау табын құру мақсатында жасалатын профилактикалық іс шаралар. Қолайлы мемлекеттерде компартимент құру ауру ошағы шықпай тұрып жүргізілуі тиіс, ал инфекциялық ошақ пайда болған жағдайда мемлекет сауданы жеңілдету үшін қолдануы мүмкін.
- Компартимент белгілі бір ауруға және ауру тобына құрылуы мүмкін. Компартиментте барлық кешеннің құрылысы көрсетіледі: орналасу орны, шаруашылық және оған қажетті бөлімшелер (сою пункті, азық өндіру цехтары, қайта өндіру кәсіпорындары) өзара байланысы, субпопуляция. Компартиментті ошақтау эпидемиологиялық фактор белгілі бір аурудың, мал шаруашылығының қатысты бақылау және биологиялық қауіпсіздік.

- **Компартимент және аймақтарды (буферлік және карантиндік аймақ) анықтау принциптері.**


- 1. Аймақтың географиялық шекарасы ветеринарлық органдармен белгіленуі тиіс, ол табиғи, жасанды немесе заңды шекараны ескере отырып ашық түрде ресми іс шараларда жариялануы тиіс.
- 2. Буферлік зона жануарлардың зоосанитарлық жағдайын қорғау мақсатында, бұл зоосанитарлық жағдайы нашар мемлекетпен немесе аймақпен шекараласқан жағдайда. Ауру қоздырғышын кіргізбеу мақсатында белгілі бір аурудың эпидемиологиясына жоспар құрылуы тиіс.
- Бақылау және бақылаудың аймағын ауыстыру келесі іс шараларды ескеру керек:
- а) Жануарларды бірдейлендіру мен орналастыруды қадағалау.
- ә) Күдікті жануарлар мен барлық бейім жануарларды вакцинациялау.
- б) Тасымалданатын жануарларды вакциналау мен қадағалау.
- в) Ерекше ұстау тәртібі, сынаманы тексеру мен тасымалдау.
- г) Көлік құралдары мен міндетті жүру бағыттарын анықтау және оны дезинфекциялау.
- д) Бейім жануарларды арнайы бақылау.
- е) Ветеринарлық дәрігерлердің халыққа ағартушылық іс шараларын жүргізу.
- Бұл іс шаралар қолайлы аймақтың барлық территориясында немесе жеке бөлімдерінде -шекарада немесе қолайлы аймақтан тысқары орындалады.
- 3. Мемлекетте немесе зонада аз ауқымды ошақтар бұдан бері қолайлы аймақта инфекция ошағы пайда болған жағдайда, сауда мақсатында карантинді зона белгіленуі мүмкін. Буферлік зонаны құру жедел түрде және келесілерді ескеру тиіс:
- а) декларация бойынша ауруға күдікті жануар және жануар өнімдері тез арада тасымалдануға тиіс. Инфекция расталғаннан кейін эпидемиологиялық тексеріс жүргізіледі. Нәтижесі ошақ карантиндік аймақта орналасқанын растауы тиіс. Бастапқы ошақ және ықтимал ошақ көздерін анықтау, сонымен қатар эпидемиологиялық байланыс ошақтар арасында анықталуы керек.
- б) Ауруды жою мақсатында санитарлық сою саясатына немесе басқа да тиімді күресу жолдарын анықтайды. Бейім жануарларды популяциясы карантиндік зонада толық дәлелденуі керек. Қалған мемлекет территориясында күшейтілген түрде бақылау жүргізіледі және ол инфекция белгілерінің болмауын анықтауы тиіс.
- в) карантиндік зонада инфекцияның мемлекеттің басқа территориясына таралмау мақсатында әрдайым бақылау жүргізу керек.
- г) Тиісті карантиндік зонаны құру үшін кем дегенде екі инкубациялық период аралығында, соңғы анықталған жағдай уақытынан бастап осы зонада жаңа ауру ошақтары анықталғанын дәлелдеу.
- д) Карантиндік аймақ тоқтатуға дейін карантиндік аймақ шекарасында орналасқан қолайлы аймақтар тоқтатылуы тиіс. Белгілі бір ауру бойынша карантинді алып тастағаннан кейін шекаралас аймаққа қайта қолайлы аймақ статусы бепріледі.
- е) Карантиндік аймақты басқару халықаралық саудада тауардың карантиндік зонадан тысқары шыққаны дәлелденуі тиіс.
- ж) Қолайлы аймақ статусын қайта беру белгіленген талаптар бойынша жүргізіледі.

- 4. Компартимент құру факторлары ветеринарлық қызмет органдарымен белгіленуі критерилері негізінде жүреді. Бұл ресми телеарнада ақпарат таратылуы тиіс.
- 5. Субпапуляцияға жататын жануарлар мен табындар, ауруға бейім жануарлардан эпидемиологиялық барьер болуымен сипатталады, мұнда басқа жануарлар мен факторлардан бөлектенеді. Биологиялық қауіпсіздік жоспары бойынша зоосанитарлық статусы ветеринарлық қауіпсіздік жоспары бойынша іс шаралар сақталуын және субпапуляция идентификация кепілдік береді. Зоосанитарлық статусы тұрақтандыруға арналған іс шаралар: аймақ сипаттамасы, аурудың эпидемиологиясы, сыртқы орта факторлары, биологиялық қауіпсіздік іс шаралар, ауруды бақылау жатады.
- 6. Белгіленген зонада немесе компартоментте орналасқан жануарлар бірдейлендірулі болуы керек, бұл оның тасмалдануын бақылауға мүмкіндік береді. Шаруашылық жүйесіне байланысты бірдейлендіру коллективті (үйір, отар, табындық) сонымен қатар жеке бірдейлендіру болуы мүмкін. Жануардың зона ішінде немесе зонадан тыс немесе компартимент арасында орын ауыстыруы бақылануы және құжатталған түрде жүргізілуі керек. Зонаның тұтастылығы немесе компартимент тұтастығы міндетті кепілдік ретінде жануарларды бірдейлендіру жүйесі жатады.
- 7. Биологиялық қауіпсіздік жоспарында белгілі бір компартимент, серіктестік қатысу сипаттамасы өндіріс сектор арасындағы және Ветеринарлық қызмет міндеттері белгіленуі керек. Компартиментте протоколданған іс - шара стандарттары дәлелді түрде сипатталады, Бұнда бақылау түрі жануарларды бірдейлендіру және тірі жануарлардың орын ауыстыруын қадағалау іс - шаралары белгіленеді. Бұдан басқа өндірістік және жеке тіркеу жұмыстары, азықтандырылуы жем - шөбінің шығуы туралы, ауру ошақтары, өлім - жітім, қолданылған препараттар, қолданылған вакциналар, сонымен қатар басқа да критериялар. Биологиялық қауіпсіздік бойынша қауіп - қатер бағасы, мақсатты іс - шаралар және т.б.

- **Компартимент тексеру және бақылау**
- Компартимент тұтастығы мен сенімділігінің кепілдігі Ветеринарлық қызмет пен зертхана инфрақұрылымын және ұйымдастырылу шаралары міндетті толық құжатталған, Вет қызмет құрлықтық (құқықтық) кодексінде белгіленген түрде жүргізілуі тиіс.
компартимент статусын беру, тоқтату немесе алып тастау тікелей ветеринарлық қызмет органдары жүргізеді. Қызмет міндеттеріне: белгіленген кодекстегі негізгі талаптардың сақталуын тексеруге міндетті, сонымен қатар ақпараттардың импорттаушы мемлекетке максималды қол жетімді болуы керек. Импорттаушы мемлекет аумақты өзгерістер туралы ақпаратты міндетті түрде ұсыну тиіс.

- **Патогенді қоздырғыш пен ауруды бақылау**
- Бақылау жүйесі мен жалпыбақылау бойынша талаптарға, ұсыныстарға, ауруға қатысты бақылау талаптарына және оның компартомент арасындағы байланысы. Қоздырғыш қауіп - қатері артқан жағдайда, осы мақсатта құрылған компартомент жүйенің ішкі және сыртқы бақылауы қайта тексеруден өтіп күшейтілуі тиіс. Осы қатарда биологиялық қауіпсіздік шаралары да қайта қаралып күшейтілуі керек.

- **Ішкі бақылау**
- Бақылауға аурудың инфекциясы туралы ақпарат жинап талдауды жүргізгеннен кейін субпопуляциялардағы жануарлар компартименттерге берілген зоосанитарлық статуспен сәйкестігін дәлелдеп Ветеринарлық қызметкер сертификация жасау керек. Аса көңіл ауыстыратын нысан ол алдындағы уақытта анықталған инфекция қоздырушысының басқа субпопуляцияға контаминациясын талдау болып табылады. Компартимент құрылған ауруға немесе ауруларға байланысты қолайлы аймақ сақтау үшін әр түрлі бақылау стратегиясын жүргізуге болады.

- 
- **Сыртқы бақылау**
 - Компартимент биологиялық қауіпсіздік іс - шаралары компартимент бейімділігіне қарай құрылуы керек. компартиментте аурудың таралу жағдайы, бейімділігін анықтауда сыртқы бақылау маңыздыроль атқарады.
 - Компариментте пассивті немесе активті бақылау ұйымдастыру тиімділігін арттыру үшін мақсатты бақылау жүргізіледі. Мақсатты бақылау эпидемиологиялық бірлік, ошаққа орналасу қашықтығы және тікелей эпидемиологиялық байланыс болуы.

- **Диагностикалық шараларға дайындығы**
- Сынамаларды зерттеу жұмыстарын ресим түрде лицензияланған зертханалар жүргізе алады. МЭБ бойынша сонын талаптарына сәйкес келетін зертханалар. Зерттеу әдістері мен нұсқамалары кодекске сәйкес жүргізілуі және ауруға қатысты тиімділігін қолдану болып табылады. Зертхана зерттеулерінің жұмыстарын жүргізген кезде жүйелі түрде Ветеринарлық қызмет нәтижелері мен ұсыныстарына сәйкес жүргізілуі керек, керек болған жағдайда сынама нәтижелерін МЭБ анықтама сынамасына жібереді.